

## ИСЛАМДАҒЫ ҚАБІР ЗИЯРАТЫ МӘСЕЛЕСІ

**Батырбек УБАЕВ,**  
*Қызылорда облыстық діни кеңес  
беру орталығының дінтанушы маманы*

### ҚАБІРЛЕРГЕ ЗИЯРАТ – ҒИБРАТ ПЕН САУАП

Қабірді зиярат ету – мәндуб, яғни жағымды істерден болып саналады. Алланың елшісі (с.ғ.с.) әрбір жылдың басында Ухуд шайқасында шәһид болған сахабаларының қорымына келіп: *«Дүниедегі сабырлықтарың үшін сендерге сәлем болсын! Ақырғы жайларың неткен жақсы!»* - дейтін болған. Сондай-ақ пайғамбарымыз «Бақиғ» қорымына да зиярат етіп: *«Сәлем сендерге, уа, мүміндер қауымы! Біздер де Алла қаласа, сіздерге қосылармыз. Алладан өзіме де, сіздерге де есендік тілеймін!»*, - дейтін.

Мұсылман қауымында қабір зияратының екі түрлі мақсаты бар. Бірі – адамның болашақ барар жерін еске алып, ахиретке дайындалуы үшін ойлану, үгіт алу мақсатында зиярат ету. Бұл жайында пайғамбарымыз: *«Қабірлерге зиярат етіңдер. Өйткені қабірлерді зиярат ету ақыретті естеріңізге салады»* - деген.

Қабір тірілердің түпкілікті баспанасы, өлілердің мекені. Тірілер ол жерге барып, өздерін алда күтіп тұрған жағдайларды ойлап ғибрат алады. Бір кісі Пайғамбардан (с.ғ.с.) «Адамдардың ең тақуасы кім?» - деп сұрады. Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Ол – қабірді және онда шіріп жоқ болуды естен шығармаған, дүниенің артық қызықтарына берілмеген, өткінші дүниеден мәңгілік ақыретті артық көрген, ертеңгі күнім бар деп санамаған, өзін қабір жұртынан деп білген кісі»* деп жауап берген.

Шынында да ойланған жан үшін қабірдегілер зиярат етушілерге Шәкәрім атамыздың мына өлең жолдарын еске салып тұрғандай емес пе?

Шаранамен туып едің,  
Бөз оранып өтесің.  
Бір сағымды қуып едің,  
Қай уақытта жетесің?  
Қанша дәулет жиып едің,  
Бәрі қалды не етесің?  
Мал үшін жанды қиып едің,  
Қайтіп алып кетесің?

**Зиярат етудің екінші түрі – қайтыс болған кісілерге жарылқау тілеп, дұға жасау, Құран оқып оларға сауабын бағыштау**

**мақсатында болады.** Марқұмдардың артында қалғандардан толықтай қарым-қатынасы үзілмейтіндігі хадистерде былай баяндалады:

Имам Муслим бас болып көп ғалымдар риуаят еткен кең тараған хадисте Әбу Һурайра (р.а.): *«Адам қайтыс болса, амал-сауабы тоқтайды. Тек үш жолмен (сауап) үздіксіз барып тұрады: тоқтаусыз садақа (яғни ел игілігі үшін салған көпірі, мешіті, медресесі, мектебі, ауруханасы т.б.), ел пайдаланатын ілімі, артынан қалған ізгі ұрпағының дұғасы»*, - деген.

Абу Усайд Малик бин Рабиъ ас-Саъди әңгімелеуде: *«Бірде біз Алланың елшісімен, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, болған кезде, оған бану салима руынан бір адам келді де: «Иә Алланың елшісі, мен ата-анамның өлгенінен кейін де, оларға құрмет көрсете аламын ба?», – деп сұрды. Ол: «Иә, егер оларға дұға жасасаң, Алладан олар үшін кешірім сұрасаң, олардың артынан уәделерін орындасаң, өзің ата-ананың туысқандарымен байланысты жалғастырсаң және олардың достарын құрметтесең»* - жауап берді.

Марқұмға сауабы тиетін ізгі амалдардың ішіндегі мұсылман әлеміндегі ең көп тарағаны – Құран оқу.

Миғқал бин Ясар (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Араларыңнан марқұм болғандарға «Иасинді» оқындар», - деген сөзін риуаят етеді.

Имам Ахмад жеткізген тағы бір риуаятта: «Егер зиратқа кірсеңдер, «Аятул курсиді» үш рет және «Қул һуа Аллаһу ахадты» оқындар, сосын: «Аллаһым, бұл сүренің сауабы зират марқұмдарына болсын», - деп айтындар», - делінген.

Абдурахман бин Ғала әкесінен баян етеді, ол кісі өз балаларына: «Егер қабірге қойсаңдар мені лахадқа қойып: «Бисмиллаһ, ғала суннати расулиллаһ», - деп топырақ тастандар. Бас жағымда тұрып «Бақараның» алғашқы аяттары мен соңғы аяттарын оқындар. Мен Ибн Омардың (р.а.) осы амалды жақсы көретіндігін байқадым», - дейді.

Арттарынан бағышталған сауаптар мен дұғалардың шарапатымен мұсылман пенделердің рухтары шаттанып қалатындығы жайлы Ислам ғұламаларының еңбектерінде көптеп айтылған. Құран тірілерді тура жолға бастаушы «Нұр» болумен қатар, әр әрпіне он сауап жазылатын зікір мен тәсбихтардың ең ұлығы да.

Марқұмға сауабы тиетін амалдар Құран бағыштаумен шектелмейді. Сондай-ақ, берілген садақаның сауабы да марқұмға тиеді. Сағд бин Ғубадат (р.а.) жеткізген хадисте: «Мен Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп, анам ақыреттік болды, шешем ешбір өсиет айтпады және садақа да бермеді. Мен анамның атынан садақа берсем, қабыл бола ма?» - деп сұрадым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ия», - деп жауап қатты. Мен: «Анама бұл пайда береме?» - деп сұрадым. Нәби (с.ғ.с.): «Ия, тіпті (ол садақа) қойдың үйітілген бір сирағы болсада», - деп жауап берді.

Қажылықтың да сауабының марқұмдарға тиетіндігі жайлы хадистерде айтылған.

Әбу Разин әл-Ақли деген сахаба пайғамбарға (с.ғ.с.) келіп: «Уа, Аллаһ елшісі! Әкем жасы үлкен қария, қажылық етуге де, умра жасауға да, сапарға шығуда да шамасы келмейді», - деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Әкеңнің атынан қажылықты орында, умраны да жаса», - деді.

Марқұм үшін сауабы тиер істің бірі - ораза. Оразаның сауабы да садақа сықылды марқұмға пайда беретіндігі жайлы көптеген хадистер айтылған. Ибн Аббас (р.а.) келтірген хадисте: Бір адам Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп: «Уа, Алланың елшісі! Менің анам қайтыс болған еді, мойнында бір ай ораза қарызы бар, ол кісінің атынан қазасын өтеуіме бола ма?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ия, Алланың қарызы (басқа қарыздардан бұрын) өтелуі тиіс», - деді.

## **ЗИЯРАТ ЕТУДІҢ ӘДЕПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ**

Қабірді зиярат етуде екі нәрсені естен шығармаған жөн. **Біріншісі** – зиярат барысында дініміздің тыйым салған, мұсылманның сеніміне көлеңке түсіретін іс-әрекеттерден сақтану. Әйтпесе сауап аламын, сауап бағыштаймын деп жүріп күнәға батып қайтуымыз мүмкін.

**Екіншісі** – марқұмдардың Алланың рұқсатымен өздерін зиярат етушілерді танып, білетіндігін, сөздерін еститіндігін, кейбір істерден олардың да ауыртпалық сезетіндігін ұмытпау. Әйтпесе марқұмдардың рухтарын шат қыламыз деп барып, оларға ауыртпалық түсіріп кетуіміз мүмкін. Мәселен, зиярат басында былапыт сөздер айту немесе арақ ішіп бару, мазарат ішінде темекі шегіп, насыбай ату, қабір үстін басу сияқты істер.

Мәйіттердің айналасындағыларды сезетіндігі жайлы хадистер мен деректерде көп айтылған. Сондықтан Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерінде қайтыс болған адамның мәйітіне өте ұқыпты болу керек екенін ескертеді. Себебі, мәйіт кімнің жуындырып, кебіндеп жатқанын, жаназа намазына кімдер қатысқанын және денені көтергендердің, топырақ салушылардың кімдер екенін біледі. Бірақ олардың жағдайы сендерге құпия делінген. Тіпті қабірдің үстін баспауды, басқан жағдайда көмілгендерге қиындық болатынын ескертеді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өсиетіндегі зиярат әдебі бойынша тірілерге беретін сәлем түрін қабірдегілерге де арнап берілуі де осының айғағы. Пайғамбарымыз: «Ассаламуғалайкум момындар мен мұсылман қауымы! Алла қаласа, біз де сіздерге қосыламыз. Сіздерге және өзімізге Алла Тағаладан амандық тілейміз» деп сәлем беруді үйреткен.

## ҚАБІР ЗИЯРАТЫ ӘДЕПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Ниетті дұрыстап алу, міндетті түрде Алланың разылығы үшін шынайы ықыласпен зиярат қылу керек. Яғни әруақтан жәрдем тілеу мақсатында емес, әруаққа сауап, өзіме ғибрат болсын деген ниетпен бару.
2. Зиярат еткенде дәретпен бару.
3. Аз уақыт болса да дүние тіршілігін тастап, ақыретті ойлау керек.
4. Зиярат орындарында ақырын, байыппен жүру. Дауыс көтеріп сөйлемейді. Бәсең дауыспен әдеппен сөйлейді.
5. Қабір жұртына сәлем беру. Қорымға барғанда сәлем бірінші беріледі. Пайғамбарымыз өзінің сахабаларына қабір жұртына былай сәлем беруді үйреткен: «Сәлем сендерге, уа, мүмін қауым! Біздер де Алла қаласа, сіздерге қосылармыз. Алладан өзіме де, сіздерге де есендік тілеймін!».
6. Қабірдің төменгі жағынан барып, мәйітке жақын отыру. Зиярат еткенде қабірдің аяқ жағынан барып, бірінші мәйітке сәлем береді. Содан кейін оған жақындап, оның көкірегінің тұсына келеді. Негізі мәйіттің жүзі құбылаға қаратып көміледі. Сондықтан зиярат етуші жүзін құбылаға емес, қабірге қаратып, марқұмның бас жағына, оған жақын отырады.
7. Қабірді сипаудан, ұстаудан, тәу етуден, сүйуден сақ болу керек.
8. Қабір басында «Ясин» сүресін немесе басқа өзі білетін сүре аяттарын оқу. Отырғанда бір мәрте «Фатиха» және үш мәрте «Ықылас» сүресін немесе өзі білетін сүрелерді оқып, сауабын марқұмға бағыштаса болады.
9. Қабір басында зиярат етушілерге уағыз-насихат айтылуы да сауапты іс.
10. Қабірді баспау керек. қабірдің үсті марқұмның хұқына жатады. Қабірді басу мәйіттің ішін басқанмен бірдей. Қабірлердің үстінен өтуге мәжбүр болса, тәсбих («Субханаллаһ» «Субханаллаһи уә бихамдик», «Субханаллаһи, уәлхамду лилләһи уә ләә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар» деген сияқты тасбихтар), тәһлил («Лә иләһә иллаллаһ»), тәкбір, истиғфар дұғаларын оқып өтсе болады. Кімде кім қорымнан: «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, лә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уә лилләһил хамд» деген тәкбірді айтып өтсе, қабірде жатқан кісі: «Осы адам қабірімнің жанынан тағы бір рет өтсе ғой!» деп қалайды екен.
11. Өмірден өткен мұсылмандардың жақсы сипаттарын еске алу сүннет.
12. Зияраттан тыныш, байыпты қалыпта қайтқан дұрыс.

## **ЗИЯРАТ ЕТУШІГЕ МӘКРУҢ (ЖАҒЫМСЫЗ) ІСТЕР**

Қабірді басу, қабір үстінде отыру, қабір үстінде ұйықтау мәкруһ. Қабірді зиярат қылудағы мәкруһ істер төмендегіше баяндалған:

1. Жоғарыда айтылған сүннет амалдарды, яғни қабірді зиярат ету әдептерін тастау мәкруһ.
  2. Қатты дауыс шығарып жылау мәкруһ.
  3. Қабір тасын және темірлерін сүю мәкруһ.
  4. Әйелдердің бөтен еркектермен араласып зиярат етуі мәкруһ.
  5. Қабір жанында шам, от жағу, сол жерде өсіп тұрған ағаштарға маталар байлау мәкруһ.
- Мұның бәрінен сақтанған жөн.

## **ЗИЯРАТ ЕТУШІГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ІСТЕР**

1. Қабірді қолмен сипау, ұстау, сүю, көзге сұрту, айналып жүру тыйым салынған істерден.
2. Саяхаттауға барғандай дауыстарын көтеріп, әзіл-күлкі қалжыңмен сөйлесу дұрыс емес.
3. Қабір үстіне шам немесе шырақ жағып қою, олардың айналасына әруақтар келеді деп сену – қате түсінік. Бұл отқа табынушылардың әдеті.
4. Қабір басына қандай да бір тамақ, азық-түлік қалдырып кету, бұл қабірдегі кісіге азық болады деген сенім білдіру де қате наным.
5. Қабірге қарап намаз оқуға тыйым салынған.
6. Қабірстанның ішінде ғайбат сөз айтудан, боғауыз сөздерден тиылу қажет.
7. Зиярат орындарында темекі, насыбай, ішімдіктер қолданудан сақ болу керек (Ішімдік ішкендерге мүлде кіруге болмайды)

### **Әйелдер үшін қосымша**

- Зияратқа туысқан ер кісілермен келгеніңіз абзал;
- Киіміңіз ашық-шашық болмасын,
- Шашыңыздың көрінбегені, басыңыздың жабық болғаны дұрыс.

\* \* \*

•Қорымның ішінде өсіп тұрған ағаштардың жемістерін жеу мәкруһ. Тек мұқтаж жандарға жеуге болады. Өйткені шариғат бойынша қорымның ішіндегі барлық заттар уақф (яғни Алла жолындағы) мүлік болып саналады.

•Қабірстанның ішінде мал жаю да мәкруһ. Өйткені біріншіден малдар қабірлерді бұзып аяқ асты етіп таптайды. Екіншіден жануарлар қабірдегі азапталып жатқан адамдардың дауысын естиді.

- Қорымдағы бұтаны отын қылып пайдалануға болмайды. Тек қорымның қарауылы не қызметшісі оларды қорым үшін немесе мұқтаж жандар үшін пайдаланса болады.

# ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

## «ЖАНАЗА ПӘТУАСЫНАН» ҮЗІНДІ

### Қабірстанды зиярат ету үкімі

Ақыретті ойлап қабірстанды зиярат етуге болады. Барған адамдар дұға жасауы, мәйіттер үшін Құран Кәрімді оқып бағыштағаны жөн. Мәйітке оның пайдасы бар. Қабірстанға жұма яки одан бір күн бұрын немесе кейін барса да болады. Зияратқа барған адамның мына сөздерді айтуы керек:

“Әссәләму ғаләйкум иә әһләл-қубуур, уә иннә инша Аллаһу бикум ләлаахикун уа әс-әлуллоһа ләна уә ләкумул ғәфияһ”.

(«Уа қабірстан қауымы! Сізге Алланың сәлемі болсын! Алла каласа әлбетте біз сендерге қосыламыз. Алладан бізді және сендерді кешіруін тілеймін»)

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) қабір-шәріпіне зиярат ету сауап.

Пайғамбарымыздың хадис шәріптерінде: «Қабірлерге зиярат етіндер. Ол ақиретті еске түсіреді» делінген.

Зиярат етуші зияратты шарифат үкімдеріне сай атқаруы тиіс. Марқұмдардан еш нәрсе сұралмайды.

### Қабірде отыру, ұйықтау, қабірге дәретке отыру және оның үстімен жүру үкімі

Қабір үстінде отыру немесе ұйықтау яки жүру – мәкрүһ. Қабірдің үстіне үлкен немесе кіші дәретке отыру – мәкрүһ тахрими (харамға жақын мәкрүһ). Ата-анасы, бауыры, туысының қабіріне барғысы келген адам басқа қабірді баспай, айналып өтуі ләзім. Қабір басына ешқандай шүберек байланбайды, тиын-тебен тасталмайды.

### Қабірді қайта ашу үкімі

Мәйіт сүйегі қабірде әбден шіріп жоқ болды-ау дегенге дейін қабірді ашу харам. Бірақ мәйіт біреуден тартып алынған кебінге кебінделген немесе тартып алынған жерде жерленген, яки жер иесі мәйіттің онда жерленуіне қарсы болса, немесе мәйіт түрлі дүние-мүлікпен бірге жерленсе, қабірді қайта ашуға болады. Бұл ретте мәйіттің бұзылған-бұзылмағандығына қарамайды. Мәйіттің жақындары жерді немесе кебін ақшасын иесінен сатып алса, яки басқа жолмен ризашылығын алған жағдайда қабір қайта ашылмайды. Сондай-ақ, қылмысты тексеру секілді кейбір себептерге байланысты құзырлы органдар қабірді ашуды талап еткен жағдайда, талап орындалады.

### Қосымша сұрақ-жауаптар

**Сұрақ:** Зиратқа құлпытас орнату дұрыс па?

**Жауап:** Қабір басына құлпытасты белгі ретінде суретсіз, мүсінсіз орнатуға болады.

**Сұрақ:** Қабір басына салынатын құрылыс нысанын бір жүйеге түсіруге бола ма? Яғни, орнатылатын көк тастың көлемі белгіленсе және марқұмның бейнесін қашап естелік орнатылуына тыйым салынса дұрыс болар еді.

**Жауап:** Ханафи мазһабының ғұламалары мәйіт жерленген орынды қиындықсыз табу үшін, қабір басына белгі қойып, аты-жөнін жазуға рұқсат берген. Алайда зәулім тас, қажетсіз қоршау, үлкен сәнді күмбездер орнату, қашап сурет салу және т.б. осы сияқты амалдар ысырап әрі бәсекелестік болғандықтан шариғатымыз тыйым салған.

**Сұрақ:** Жол апатынан қаза болғандарға арнап жол бойына белгітас қою шариғатта бар ма?

**Жауап:** Апат болған жерде белгітас қою шариғатта жоқ. Марқұм үшін ондай белгі қойғаннан гөрі оның атынан сауап үшін садақа беруге болады.

**Сұрақ:** Қабірстан басына гүл шоқтарын (венюк) қоюға дініміз рұқсат ете ме?

**Жауап:** Қабірстан басына венюк және гүл шоқтарын қоюға шариғатымыз тыйым салған. Сондықтан оларды сатып алған қаражат мискін-жетімдерге садақа етіп берілсе сауап болады.

**Сұрақ:** Зиратты жөндеуге бола ма?

**Жауап:** Болады, тек қазуға болмайды.

**Хасан АМАНҚҰЛОВ,**  
*«Астана» медресесі*  
*директорының орынбасары*

## **ЖАНАЗА НАМАЗЫН ӨТКІЗУ**

Адам дүние салған соң, оның қайтыс болғанын жариялап, жерлеуге асығу – мұстахап. Мұстахап деп сауап әрі абзал іске айтылады. Мәйітті жерлеуді кешіктіру – сүннетке қайшы және мәйітті құрметтемеу болып та-былады. Қаншалықты кешіктірсе, соншалықты оның қадір-қасиетін қашырады. Ал, шапшаң орындау үшін оны дұрыс ұйымдастыру керек.

Әдетте, жерлеу рәсімін екі адам басқарады: имам және мәйіт иесі. Имам жаназа намазы мен жерлеу рәсімінің шариғи мәселелеріне жауапты болса, мәйіт иесі оның барлық шаруашылық істерін мойнына алады. Мәйіт иесі – ол өлік шыққан үйден жаназа мен жерлеудің шаруашылық істерін атқару үшін тағайындалған адам. Әбу Ханифа (р.а.) мәзһабында жаназа намазын өткізуге ең құзырлы кісі патша, мүфти және ол тағайындаған жергілікті имам, молдалар.



Әрбір мұсылман мәйітке жаназа намазы оқылуы тиіс. Бірақ жаназаға қатысуға ешкім мәжбүрленбейді. Намазға қатысқан кісі мол сауап алады. Сондықтан, сауапты білетін халқымыз барынша жаназа намазына қатысуға тырысады. Тіпті, оны өзіне міндет деп біледі.

Қала тұрғындары негізінен көп қабатты үйлерде тұрғандықтан, жаназа намазын өткізуде түрлі келеңсіз жағдайлар туындайтыны рас. Мысалы, жоғары қабатқа шығып-түсудің ыңғайсыздығы, дәрет алуға мүмкіндік жоқтығы, көлік қоятын жердің табыла бермейтіні адамдарға қиындық туғызып жатқаны белгілі. Сондай-ақ, намаз қоғамдық орындарда, яғни балалар ойнайтын алаңдарда, көшелерде, жолдарда өтіп жатады.

Жаназа намазын мешітте өткізу дұрыс һәм ыңғайлы деген орынды пікірлер айтылып жатады. Өйткені, қазіргі уақытта Елордамыздың барлық аудандарында мешіт бар. Барлық мешіттеріміздің үлкен алаңдары, дәретханалары, ыстық-суық сулары, жылы залы, көлік қоятын алаңдары бар. Мешітке ерте келген қауым бос уақыттарында қосымша намаз оқиды, мәйітке бағыштап дұға-мінәжат айтады, дәретін жаңалап алуға уақыт табады. Мешіт имамдары қызмет етуге қашан да дайын тұрады.

Ал, көпшілік жиналып демалатын жерлерде, ойын алаңдарында, жолдарда және көшелерде жаназа намазын оқу орынсыз. Осыдан ата-аналардың балаларын табыт қойылған ойын алаңына жіберуге қорқып, өздерінің наразылықтарын білдіріп жатқанын түсіну қиын емес.

### **Мазар мәдениеті**

Ислам діні бойынша дүниеден өткен адам денесі топыраққа жерленуі тиіс. Алла тағаланың: «Ақыры оны өлтіріп, қабірге көмді. Енді Алла оны қалаған кезінде тірілтеді» («Абаса» сүресі, 21-22 аяттар), «Сендерді біз жерден жараттық, сол жерге қайтарамыз, бір рет сендерді одан алып та шығамыз» («Таһа» сүресі, 55-аят), – деген сөздері бұған дәлел.

Ислам дінінде өзге діндерге қарағанда мәйітті жерлеудің өзіндік қағида-ережелері берік қалыптасқан. Мұсылман мәйіті шарифатқа сай өзіне жақын жердегі зиратқа жерленуі тиіс.

Зират екі түрге бөлінеді: уақф (қоғамдық) және жеке. Қоғамдық зираттарда кесене, күмбез, ескерткіш, қоршау, т.с.с. кез келген құрылыс нысанын салуға рұқсат етілмейді. Айналасы қоршалған, басында шырақшысы бар аса көп адам жерленген қорым-зираттарда қабірді жеке-жеке етіп қоршаудың қажеті жоқ. Ал, далада жеке тұрған қабір аяқ асты болмауы үшін, оның үстін кіндіктен жоғары етіп қоршауға рұқсат етілген. Ғалымдар: «Қабірді биік көтеру – харам», – деп үкім шығарған.

Қабір – бұл дүниеден өткен марқұмдардың уақытша мекені. Қабір қазудың екі түрлі жолы қолданылып келеді. Ибн Аббастан (р.а.) риуаят

етілген хадисте: Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Лақат біз үшін, тік қазу басқаларға», – деген.

Лақат – сары топырақты жерде төрт бұрышты кіндіктен жоғары тереңдікте қазылып, оның құбыла жағынан мәйітке арналған орын жасалатын қабір. Сол бос орынды «лақат» деп атайды. Лақат іші қаза болған адамды отырғызғанда төбесі тимейтіндей биіктікте болуы қажет. Мәйіт қойылған соң, лақат аузы күйдірілмеген қыш, ағаш немесе шыммен бетіне дейін қаланып бекітіледі. Ал, плита, қара қағаз сияқты табиғи емес материалдарды пайдалану мәкруһ, яғни жөнсіз.

Саъд ибн Әбу Уаққас (р.а.) өлім төсегінде жатқанда: «Маған лақат қазыңдар. Оның аузын пайғамбарымызға (с.ғ.с) жасалғандай етіп топырақ кірпішпен жабыңдар», – деген екен.

Тік (жарма) қабір – құмды, батпақ, сулы жерде қазылатын қабір түрі. Мұндай жерде лақат қазуға мүмкіндік болмайды. Сондықтан қабір тік, тереңдеу етіп қазылып, топырақ сусап құламас үшін ішкі қабырғаларына қамыс, ағаш, кірпіш не шым қаланады. Мұндай қабірлердің үстіне ағаштар көлденең қойылып, қамыспен бастырылып, содан соң топырақ тасталып, төбешігі үйіледі. Тасты, тастақ жерлерде де қабір қазу осыған ұқсас келеді.

Ханафи мәзһабы бойынша қабір үстіне белгі (тас, ағаш) қойып, оған жазу жазуға рұқсат етіледі. Оған марқұмның аты-жөні, туылған, дүниеден өткен жылы жазылса жеткілікті. Ай белгісін қоюға немесе Құран аятын жазуға шариғат қарсы емес.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бір хадисінде қабірге бор жағып, әсемдеуге болмайтыны айтылады. Біріншіден, тірілерге арналған дүниені ысырап ету дұрыс емес. Өйткені, Алла тағала: «...төгіп-шашпаңдар, Алла, ақиқатында, ысырапқорларды ұнатпайды» («Ағраф» сүресі, 31-аят), – деді. Лаймен сылап қоюдың оқасы жоқ. Екіншіден, қабірге алтын жалатса да, оның өлікке ешқандай пайдасы жоқ екенін түсіну керек. Пайдасыз жұмыс жасау мұсылман қауымы үшін – харам. Үшіншіден, қабірдің үстіңгі жағы ашық қалдырылғандықтан, оның үстінен түскен жауыннан өніп шыққан өсімдіктер қабір ішінде жатқан мәйітке пайдалы деген ұғым бар.

Исламда жанды нәрсенің мүсіні – харам. Өйткені, ол мұсылманның діни сенім-нанымы мен көзқарасын бұзуға әкеп соғады. Өткен қауымдарда бір ізгі пенде өлсе, еске алып отыру үшін оның мүсінін және суретін жасайтын болған. Әуелде адамдар оған тек құрмет ретінде қараған екен. Кейінгілер дүниеден өткен ата-бабаларын көкке көтеріп, оларды артық мадақтап, сыйлауды шығарған. Ал, тағы бірнеше ұрпақ өткен соң, тіпті оларға сыйынатын болған. Міне, осы ащы тәжірибеден кейін Ислам діні жанды нәрсенің суретін сызып, мүсінін жасауға тыйым салған.

Нағыз мұсылман – «Қанша мал-мүлік, дүние тапсақ та, ертең басқалар секілді біз де қара жердің қойнауына кіреді екенбіз-ау» деп

ойлайтын, бұл дүниенің жалған екенін түсінетін адам. Сондықтан қабірдің басын біреу қызыға қарайтындай емес, адамға ғибрат болатындай қарапайым етіп көтеру керек-ақ.

Ендеше, біз өзіміздің дініміз бен ғұрпымызға лайық мазар мәдениетін сақтағанымыз жөн. Зәулім мазар салып, оны әспеттеуге жұмсалған қаржыны қайырымдылық іс-шараларға, жетім-жесірлерге, мүгедектерге, оқушылар мен студенттерге жәрдемақы есебінде беретін болсақ, өліге сауабы, тіріге шарапаты тиер еді.

### **Жерлеу рәсіміндегі ысырапшылдықтан арылу**

Халық арасында «анау айтты, мынау айтты» деп қолдан жасап алған кәделеріміз жоқ емес. «Өйтпесек болмайды, ұят болады» дегенді желеу етіп, жылқы немесе ірі қара мал сойып, аста-төк дастархан жаюдан басталатын жаназада қайғы құшқан отбасы шашылып-төгіліп, ысырапшылдыққа жол беріп жатады. Оны көрген басқалар да «Мен одан кеммін бе?» немесе «Ертең сөз болады» деп, астамшылыққа барады. Сөйтіп, өлік жөнелтуді бәсекеге айналдырып алған жайымыз бар.

Шайтан ежелден адам баласын азғырып, оларды мақтаншақтыққа, тәкаппарлыққа, ысырапқорлыққа итермелеп келеді. Бұл туралы Құранда: «Туған-туысқанға, пақыр-міскінге, ғарып-жолаушыларға ақысын беріңдер, босқа шашылмандар. Ысырапқорлар, шын мәнінде, шайтанның жақындары. Ал, шайтан Тәңір ісіне қарсы» («Исра» сүресі, 26-27-аяттар), – деді. Сондықтан мұсылман ісімен де, сөзімен де шайтанға қарсы болуға тиіс.

Мұсылманның ниеті мен мақсаты, ісі мен ойы Алла ризалығы үшін болуы керек. Сонда: «Олар (Құдай сүйген пенделер) қаражат жұмсағанда ысырап етпейді. Сарандық та жасамайды, өз жөнімен ғана жұмсайды» («Фұрқан» сүресі, 67-аят), – деген мақтауға лайық болады.

Дүние салған жанның ағайындары негізінде бес нәрсеге міндеттеледі. Олар: мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын айту, жерлеу, қарызын өтеу. Қалғаны қосымша ғибадат, сауап істер. Мұндағы мәселе – сол абзал саналатын істерімізді парыз етіп немесе ысырапқа айналдырып алмау.

Мәйіттің намазы шығарылмай, Құран оқылмайды. Ибн Мәсғұдтан (р.а.) риуаят етілген хадисте: «Расулулла (с.ғ.с.) жаназа намазында Құраннан бірдеме оқуды айтпады», – делінген («Әл-әзкәр мин кәләм сәйидил әбрар», 430/1).

Мәйітке арнап қырқын және жылын беру үшін үлкен дастарқан жаю әдетке айналса да, ол міндет деп қаралмайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам Алланың алдында күнәһар, мәйітке қарыздар болып қалмайды. Дегенмен, жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екені даусыз. Қайтыс болған кісіге бағыштап жоқ-жітікке, мұқтаж жандарға тамақ таратып, ас беру абзал. Ал мұқтаж жандар қатарына жатпаса да,

туған-туыс, жора-жолдастарын жинап, ас беруге де шарифат қарсы емес. Дегенмен, дінімізде шамаң жетпесе де, міндетті түрде қарызданып, артық шығын жұмсап, өлі атынан үлкен мал сойып, садақа бер деген үкім жоқ. Садақаны әркім шама-шарқына қарай береді.

Жақынынан айырылып, қабырғасы қайысып отырған жандардың қайғы-қасіретін түсіну қиын емес. Әйтсе де, әр адам өлім-жітімді болған жағдайда имамның бұйрығына, шарифатымыздың қағидасына мойынсұнғаны дұрыс-ақ.

Қазіргі кезде еліміздегі мұсылмандар арасында қайтыс болған адамды жерлеудің жөн-жосығы әрқалай. Оның басты себебі – қазақ халқын діни сауатсыздық билеген кездегі Ислам дінінің жан-жақты тоқырауға ұшырап, діни ғұрыптардың түрліше өзгеріп қалыптасуы. Осы күні марқұмды жөнелтудегі орынсыз жасалатын жоралғыларды доғару, ысырапқа жол бермеу, мәйітті шарифат жолымен жерлеу үшін белгілі бір жұмыстардың жүргізілуін уақыттың өзі талап етуде.